

А.Х. Маргулана. В список включены 150 местонахождений археологических памятников, которые объединяют свыше 570 объектов. В деятельности заповедника «Кызыларай-Бегазы» особое место займут отреставрированные памятники Бегазы - дандыбаевской культуры.

#### Список использованных источников

1. Акишев К.А. Эпоха бронзы Центрального Казахстана: автореферат дис канд. ист.наук. – Л., 1953 г. 17 с.
2. Маргулан А.Х. Бегазы – дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма– Ата: Наука, 1979. – 360 с.
3. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев А.М., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма – Ата: Наука, 1966. – 435 с.
4. Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В., Касеналин А.Е. Памятники Бегазы – дандыбаевской культуры Центрального Казахстана. – Алматы: Институт археологии им. Маргулана, 2014. – 191 с.

ӘОЖ 069

### СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҰРАЖАЙ

**Куандыкова Гульназ Талгатовна**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Тарих факультетінің АЭ – 31 тобының студенті  
Ғылыми жетекшісі: Ботбайбекова С.К.

Сәкен Сейфуллин (1894–1938) 15 қазанда Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы, Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ,

Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905–1908), қалалық үш класты училищеде (1913–1916) оқыды. 1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Омбыда қазақ жастарының

«Бірлік» қауымы басшыларының бірі болды. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берді. 1917 жылы 9 наурызда «Асығып тез аттандық» атты өлеңін жазды. Кешікпей Ақмола қаласына ауысып, «Жас қазақ» ұйымын ашты, «Тіршілік» газетін шығарысты, 3 айлық педкурста оқытушы болды. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының премьерасын көрсетті. 1918 жылғы 4 маусымда ақтардың көтерілісі болып, Ақмола совдепшілері тұтқындалды. Атаманның «азап вагонында» 47 күн ажалмен арпалысып,

1919 жылғы 3 сәуірде Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шықты. 1920 жылы 7 мамырда Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болады. 1920 жылғы 4 қазанда Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің 1-Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөзісіне басшылық етті.

1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық Ағарту Комиссарының орынбасары болды. Қазақ АССР Кеңесінің 3 съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланды (1922–1925). 1925 жылы 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым орталығының төрағасы, 12 маусымда Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы болып тағайындалды. 1926 жылы БК(б)П Өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1927 жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры болып жұмыс істеді. 1927 жылы шыққан «Жыл құсы» альманахына басшылық етті, «Жаңа әдебиет» журналын ашуға (1928) атсалысты.

1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жариялана бастаған «Тар жол,

тайғақ кешу» атты мемуарлық шығармасын жеке кітап етіп (1927) шығарды. 1929 жылы қазақтың зиялы азаматтарына арнап ауыз әдебиеті үлгісін жинау жөнінде жазған «Ашық хатын» жариялады. Қазақтың мемлекеттік педагогика институтының доценті болды. 1932 жылы «Әдебиет майданы» журналының редакторы, 1934 жылы Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметін атқарды. 1936 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен бірінші онкүндігіне қатысты.

Шығармашылықпен белсене араласты: 1917 жылы «Жұбату» атты тұңғыш әңгімесін жазды. 1922 жылы «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын», «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын жазды. «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмалар жинақтарын, «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи мемуарлық романын (1927), «Жер қазғандар» повесін (1927) жарыққа шығарды. 30-шы жылдары «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) атты поэмаларын, «Айша» (1930), «Жемістер» (1935) атты повестерін жариялады. Публицистика саласына қалам тартты. Қазақстан ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен шұғылданды. Қазақ фольклорының тарихына арналған «Қазақ әдебиеті» (1932) кітабын жазды. Қазақ әдебиетінің оқулықтарын жасауға қатысты. Басты шығармалары орыс тіліне аударылып, Кеңестер Одағы халықтарының бірқатар тілдерінде басылды. Қазақ жазушыларының ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, шығармашылық еңбегіне 20 жыл толуы мерекеленді. Қазақстан Жазушылар одағы таңдаулы деректі проза мен публицистикалық шығармаларға жыл сайын беріліп тұратын С.Сейфуллин атындағы әдеби сыйлық тағайындады (1985). Алматы, Астана сияқты көптеген қалалар мен елді мекендерге, театрлар мен мектептерге, кітапханалар мен көшелерге Сәкен Сейфуллиннің аты берілген.

Сәкен Сейфуллин мұражайы - қазақ мемлекет қайраткері, ақын және жазушы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметіне арналған Нұр-Сұлтан қаласындағы музей. XIX ғасыр ғимаратында орналасқан, ол жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне кіреді.

Бір қабатты ағаш үй бөрене төбесі биік шатырмен Сейфуллин және Әуезов көшелерінің қиылысында орналасқан. Үйді 1846 жылы сатып алынған тауарлардың есебін жүргізу үшін Ақмола көпестерінің бірі кеңсе астына салған. 1920-1930 жылдары ғимаратта Сәкен Сейфуллин жұмыс істеді, бірақ оның жұмыс кабинетінің қай жерде орналасқаны әлі белгісіз. 1988 жылы 20 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің өкімімен ғимаратта Сәкен Сейфуллиннің мұражайы ашылды.

Мұрағаттық материалдар, қолжазбалар, хаттар, жазушының керек-жарақтары, кітаптар, газеттер, журналдар мұражайдың 6 залында орналасқан. Мұражай экспонаттарының арасында бір уақытта Сейфуллинге Левон Мирзоян сыйлаған жазу машинкасы, жазушының көзі тірісінде жарық көрген кітаптар, фотосуреттер орталық орынға ие.

Мұражай XIX ғ. II-ші жартысы мен XX ғ. басында салынған ғимаратта орналасқан. Екі ағаш үйдің біреуі бұрын көпес Казанцевтің әкімшілік үйі болған. Сәкен осы үйге жұмыс бабымен келіп жүрген. Екінші үй - Мұражайдың әкімшілік үйі – бұрын Сәкеннің досы, дәрігер Благовещенскийдің үйі.

Сәкен Сейфуллин музейінің экспозициясы 7 залда орналасқан: 5 негізгі және 2 қосалқы. Оған 5 мыңнан астам зат кіреді. Бұл негізінен жазушының әйелі мен туыстары мұражайға тапсырған жеке заттары, Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптары, фотосуреттері, мұрағаттық құжаттары, сондай-ақ суреттері мен мүсіндері.

### **№ 1 Зал**

Бірінші зал Қазақстанның қазіргі астанасына арналған, қабырғаларында астананың фотосуреттері орналасқан. 1961 жылға дейін қала Ақмола деп аталды, дәл осы жерде Сәкен туды, оқыды және өмір сүрді. Мұнда оның қоғамдық-саяси мансабы басталды.

## **№ 2 Зал**

Мұражайдың екінші залы жазушының балалық шағы мен жастық шағы туралы баяндайды. Мұнда Сейфуллиннің оқыған жылдары және оның алғашқы жазушылық жетістіктері бейнеленген: Сәкен өзінің алғашқы мақаласын Омбының "Айқап" журналында жариялаған. Сол қалада 20 жасында ол "Единство" қазақ жастарының алғашқы мәдени-ағартушылық қоғамының жетекшісі болады.

## **№ 3 Зал**

"Мемлекеттік және педагогикалық қызмет" — Сейфуллиннің Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің (сол кездегі — Қырғыз АССР) Төрағасы лауазымындағы жұмысы туралы баяндайтын көптеген мұрағаттық құжаттар, фотосуреттер және басқа да материалдар ұсынылған үшінші зал.

## **№ 4 Зал**

Жоғары лауазымдарға қарамастан, Сәкен Сейфуллин тек шенеунік қана емес, шығармашылық адам, жазушы болған. Ол ешқашан өз қызметін тоқтатқан емес, соның арқасында үлкен әдеби мұра бар. Сейфуллиннің әдеби шығармашылығымен "әдеби қызмет" деп аталатын төртінші залда танысуға болады. Бұл залда, мұражайдың басқа бөліктеріндегідей, ақынның жеке заттары, сондай-ақ хаттар, кітаптар мен фотокорреспонденция ұсынылған.

## **№ 5 Зал**

Мұражайдың соңғы залы жазушының қайтыс болғанға дейінгі соңғы қиын күндері туралы баяндайды: Сәкен Сейфуллин 1938 жылы, сталиндік қуғын-сүргін жылдары қайтыс болды. Мұнда сіз 1937 жылдың қыркүйегінде болған тінту хаттамаларын, айыптау қорытындысының көшірмелерін және үкімнің орындалуы туралы, Сәкен Сейфуллинді ату туралы құжаттарды көресіз.

Экспозицияда С.Сейфуллиннің қолжазбалары, кітаптарының өмірлік басылымдары, мемлекеттік қызметіне байланысты құжаттар кеңінен ұсынылған.

Жазушының шығармашылығы туралы "Әдеби қызмет" залының экспозициясы баяндайды. Мұнда Сәкен Сейфуллиннің жеке заттары, хаттары, кітаптары, бірегей фотосуреттері, сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің 1934 жылғы Кеңес жазушыларының бірінші Бүкілодақтық съезінің жұмысына қатысуы туралы материалдар қойылған. 1938 жылы ақын сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болады. Мұражай экспозициясында жазушының қайғылы тағдырына арналған құжаттар бар. Бұл - тінту хаттамасы, КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының көшпелі сессиясы үкімінің айыптау қорытындысының көшірмесі, Сәкен Сейфуллинді ату туралы үкімнің орындалғаны туралы анықтама.

1958 жылы Сәкен Сейфуллиннің есімі ақталды. Осы кезден бастап ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер басталады, оның мерейтойлық даталары атап өтіледі. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеу кітаптарымен "халық жадында" экспозициялық зал ашылады. Мұнда Сәкен Сейфуллиннің туғанына 70 жыл толуын мерекелеу туралы, Ақмола драма театрының Сәбит Мұқановтың "Сәкен Сейфуллин" пьесасын бірінші рет қоюы туралы материалдар ұсынылған. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің ақталғаннан кейінгі шығармалары, мерейтой, даталарға орай шығарылған кәдесыйлар, сыйлықтар жиналған. Мәскеу маңындағы Красногорск қаласынан 1930 жылы режиссер А.Ром түсірген екі бөлімнен тұратын "Түркісіб ашылды" деректі фильмі әкелінді. Фильм темір жолдың салтанатты ашылуына арналған. Бұл хрониканың бірегей кадрларында С. Сейфуллин бейнеленген.

Ақмола Сәкен Сейфуллиннің тағдырында ерекше орын алды: ол осында оқып, өмір сүрді. Астанада Сәкен Сейфуллиннің есімімен байланысты көптеген тарихи орындар бар. Бұған музей қорында сақтаулы тарихи- танымдық құжаттар мен экспонаттар дәлел бола алады. Ол өмірінің осы жылдары туралы әйгілі тарихи-мемуарлық "Тар жол, тайғақ кешу" романында баяндайды. Осы жылдар ішінде С.Сейфуллин мұражайы қала тұрғындары мен қонақтарына Сәкен мұрасы мен шығармашылығын насихаттап, Астананың тарихи және рухани орталықтарының бірі болып табылады.

Мұражай экспозициясы ақынның соңғы қайғылы күндері туралы құжаттардың көрсетілуімен Сәкеннің туған жерін бейнелейтін материалдармен басталады. Экспозицияда С.Сейфуллиннің қолжазбалары, кітаптарының өмірлік басылымдары, мемлекеттік қызметіне байланысты құжаттар кеңінен ұсынылған. Сәкен Сейфуллиннің жеке заттары: баспа машинасы, патефон, костюм, алтын сағат, халат және тақия, туфли, кепка, шарф, қолшатыр және таяқ ерекше қызығушылық тудырады.

1995 жылы 17 тамызда Н. Ә.Назарбаев мұражайға келіп: "Сәкен Сейфуллин - асыл бабамыз, біздің тәуелсіз елімізді тілей берсін" деген жазба қалдырды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қожекеев Т. Сәкенді не үшін сынаған? // Жалын, 1994. №7-8. –Б. 84-95.
2. Нарымбетов Ә. Сәкен Сейфуллин. Әдебиеттердің көрсеткіші. –Алматы: Қазақстан, 1965. - 86 б.
3. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. Ғұмырнамалық хикая. Өнегелі өмір. – Алматы: Жалын, 1976. - 191 б.

ӘОЖ 069

### **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ҚАЗАҚ ЭТНОЛОГИЯСЫ МЕН МУЗЕЙ САЛАЛАРЫНА ҚОСҚАНҮЛЕСТЕРІ**

#### **Қуандықова Гүльназ Талгатовна**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Тарих факультетінің АЭ – 31 тобының студенті  
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Ибадуллаева З.Ө.

Өзбекәлі Жәнібеков - 1931 – 1990 жылдар аралығында Түркістан облысы Отырар ауданы Сарықамыс ауылында дүниеге келген мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты.

XX ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тарихи тұлғалардың бірі.

Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. 20 ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды. Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген “Арқас” қоғамы құрылды. Жәнібеков “Шертер”, “Адырна”, “Алтынай”, т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. “Наурыз” мейрамының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

“Қазақтың ұлттық қол өнері” (1982), “Жаңғырық” (1991), “Уақыт керуені” (1992), “Жолайрықта” (1996), “Қазақ киімі” (1996), “Ежелгі Отырар” (1997), “Тағдыр тағылымы” (1996, 1-кітап, 1997, 2-кітап) еңбектері жарық көрген. 2-3 мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдермен марапатталған.

Халқының бекзат перзенті Өзбекәлі Жәнібеков өткен ғасырдағы кеңестік кезеңнің өктемдігіне қарамай, туған халқына, ұлтына өл-өлгенше қызмет ете білді. Биліктің түрлі сатысынан өтіп, жоғары лауазымдарда қызмет етсе де, арттағы елдің хал-ахуалына барынша қарасқан еді. Қылышынан қам тамған қилы заманда қазақтың жоғын жоқтап, ұлттық мүддесі жолында жан аяған жоқ. Қиын-қыстау кезеңді бастан өткерген ұлттық жәдігерлеріміздің қайтадан жандануына барынша үлесі қосып, ескі құндылықтарды жаңартқан болатын. Төл тарихымыздың төрт құбыласын түгендеуді асыл мұратына айналдырып, бабадан мирас бай мәдениетіміздің мәртебесін көтеруге білек сыбана кірісті.